

## **Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

**№1 хаттамасы**

**22.12.2023**

**Катысқандар: 32**

### **Күн тәртібінде**

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жоспарымен таныстыру.
2. Педагог және ата-ана арасындағы әдеп.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сактау міндеті..

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы  
Г.А.Дауылбаева.**

Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жоспарымен таныстырыны, желтоқсан-мамыр айлары арасында төрт отырыс өтетін хабар етті.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі  
Ж.А.Боктаева.**

Ұстаз ата-аналармен, окушылармен және әріптерімен әнгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сактау міндеті. Анар Шакеновна чаттардағы қарарапайым қатынастың қарарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы біркатор мысалдар көлтірді. Жеке сұраптарынызben жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді. Ұстаз этикасы-мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы карым-қатынас. Педагогикалық этика-ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыйнитарда табуы тиіс. Моральдік тәрбие – жан-жакты жіне үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінін тек озіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Қасіптік этиканынережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді камтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оку орындарында істейтін адамдардың карым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды карастырды.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің  
мүшесі А.М.Алдашев.**

Әтика категориялары – моральдың ең мәнді жақтары мен тұстарын корсететін, ғылым ретіндегі этиканың теориялық аппаратын құрайтын жалпы түсініктер, рухани, идеалды тәртіптің құрылымдары, болмыстың адамгершілік жақтарының субъективтік көрінісі, әлеуметтік құбылыс ретіндегі мораль туралы жүйеленген, ғылыми негізделген, теориялық білімдер жиынтығы. Олар – адамгершілік сананың теориялық деңгейінде омір сүреді. Этикалық категориялар туралы сөз қозғай отырып, олардың ғылымның кейбір функцияларын да атқаратынын атап өткен жөн. Біріншіден, когамдық катынастардың саласы ретіндегі моральды танудың таусылмас баспалдактары. Екіншіден, танымның дербес құралы болып табылады. Үшіншіден, этика категориялары моральдың танымның бірінші тәртіптегі мәннен екінші тәртіптегі мәнге және т.б. дамуының, қозғалысының нысанасы. Басқа ғылымдардың категорияларына тән белгілерді, қасиеттерді иеленгенімен, этикалық категориялардың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері бар. Этиканың категориялары бір-бірімен тығыз байланысты және олар бір-бірінің мазмұнын ашады. Яғни, белгілі бір этикалық категорияның мазмұнын екінші бір этикалық категорияны пайдалану арқылы ашуға болады.

**Шешімі:**

1. Берілген акпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
2. Педагог пен ата-ана арасында катынас орнату.
3. Педагогтардың көпшілік ортадағы сырт-келбеті, әдеп-этикалық нормалары катаң сакталсын.

Кеңес төрайымы:

А.А.Набиева

Кеңес мүшелері:

Р.С.Абидина

Г.Т.Амирова

Ж.А.Боктаева

А.М.Алдашев

С.О.Лалименко

Ш.Ш.Сарсенғалиева

Хатшы:

Г.А.Дауылбаева

# **Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

## **№2 хаттамасы**

**15.02.2024**

**Катысқандар: 36**

### **Күн тәртібінде**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға педагогтерді тарту – баяндама Р.С.Абидина
2. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті – баяндама Ш.Ш.Сарсенгалиева

### **Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Р.С.Абидина**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдама – бағдарламаларды, жоспарларды жүзеге асырудағы іс-қимыл стратегиясын айқындастын басты ойы; әлемдегі, қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құбылыстарына көзқарастар жүйесі; идеяның өзектілігі. Негізін құрайтын ұран – «Бәріміз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз». Сыбайлас жемқорлық білім саласында – бұл жеке пайда көру үшін қызметтік жағдайын пайдалану, бұл білім алуға, оның сапасына, әділдігіне, зияткерлік адалдыққа барынша ықпал етеді. Қазақстандық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы этика мен мәдениет «Мәңгілік ел», «Сыбайлас жемқорлық жоқ ел – өркендеуші мемлекет» идеологияларының, Адам, Еркіндік, Ынтымақтастық, Болашаққа талпынушылық секілді әмбебап құндылықтардың және «Зан», «Әділдік», «Тең құқықтық» секілді іргелі ұғымдардың төңірегінде құрылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл міндеттерін, негізгі қағидаттарын және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу шараларын айқындауды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет – сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» шыдамдылық ортасын құру – мектеп жасынан бастап білім берудің барлық деңгейінде қалыптасуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары: құқықтық регламентация, жүйелілік, жалпылық, ашықтық, жариялыштық, есептілік және бақылау.

### **Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Ш.Ш.Сарсенгалиева**

Біз күнделікті өмірде жазғаннан гөрі, ауызша көп сөйлейміз. Соның ішінде мұғалімнің сөйлеу тілінің сапасына сөздердің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуы кіреді. Дүние есігін ашқан жас бала сөз сөйлеуді, тындауды үлкендерден үйренеді. Балага, окушыға сөйлеп үйренуде қоршаган орта, яғни мұғалімдер, қоғамдық орындар, мектеп,

балабақша, т.б. тікелей әсер етеді. Ауызша сөйлеудегі дағдыланудың ең қажет сатысы – сөз. Сөйлеу тілі арқылы мұғалім оқушыға білім нәрін құйып немесе түрлі сөздермен оқушылардың санасын қалыптастыруға, таным деңгейін арттыруға, тіл арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйретеді. Сөйлеу тілінсіз мұғалім – мұғалім емес. Соңдықтан да мұғалімдер үшін сөйлеу тілінің ерекшеліктері, маңызы өте зор болып саналады. Адамға ауа қандай қажет болса, мұғалімдер үшін де сөйлеу тілі сондай қажет. Дей тұрғанмен, әр мұғалімнің өзіндік тіл ерекшеліктері, дауыс ыргағы, тәжірибесі, мимикалық іс-әрекеті де әртүрлі.

Мұғалімнің сөйлеу тілінің негіздері – ауызша сөйлеу мен жазбаша тіл. Сонымен қатар дауыс ыргағы, үні, дауыс күші, интонация, сөздердің дұрыс байланысып, сөйлемнің дұрыс құрастырылуы, анық естілуі, дұрыс сөйлеу, тіл тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлігі, ой тиянақтылығы жатады. Бұлардың қатарына мұғалімнің дикциясын, яғни дұрыс дыбыстап айтуын да жатқызамыз. Мұның барлығы да сөйлеу тілінің негізгі элементтері әрі сабактың сапасын арттыруши қасиеттері болып табылады. Кез-келген мұғалімнің сөйлеу тілінің деңгейі жоғары болуы үшін алдымен педагогтік әдеп пен ұстаздық шеберлік қажет. Болған немесе болатын оқиға, пікір-талас, ой қорытындысына байланысты мұғалімнің сөйлеу тілі де біркелкі, біржақты емес, әр қырлы болып отырады. Болашақ мұғалім оқу орнында жүргенде-ақ өзінің бойында ұстазға тән қасиеттерді қалыптастыра бастау керек.

### Шешімі:

1. Берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы сөйлеу мәдениеті қатаң сақталсын.
3. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысы жасалсын.

Кеңес төрайымы:

А.А.Набиева

Кеңес мүшелері:

Р.С.Абидина  
Ж.А.Боктаева  
А.М.Алдашев  
С.О.Лалименко  
Ш.Ш.Сарсеналиева

Хатшы:

Г.А.Дауылбаева

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№3 хаттамасы

27.04.2024

Катысқандар: 45

Күн тәртібінде

1. Педагогтердің әдеп-этикалық нормалары – баяндама А.М.Алдашев
2. Мектептегі педагогикалық әдепті бақылау – баяндама Ж.А.Боктаева

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі А.М.Алдашев.**

Мұғалім әрқашан көпшіліктің көз алдында. Оның сөздерін, іс – әрекеттерін окушылар, ата-аналар, әріптер және т.б. талдайды және бағалайды. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы менгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібілік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

**Шешімі:**

1. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.
2. Мектептегі педагогикалық әдепті бақылауда ұстау

Кеңес төрайымы:

А.А.Набиева

Кеңес мүшелері:

Р.С.Абидина  
Ж.А.Боктаева  
А.М.Алдашев  
С.О.Лалименко  
Ш.Ш.Сарсенғалиева

Хатшы:

Г.А.Дауылбаева

# Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

## №4 хаттамасы

30.05.2023

Катысқандар: 52

### Күн тәртібінде

- Ішкі тәртіп ережесі арқылы педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу – баяндама Ш.Ш.Сарсенгалиева
- Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жоспарына қорытынды – баяндама Г.А.Дауылбаева

### Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Ш.Ш.Сарсенгалиева.

Қазіргі қазақ қоғамында ұстаз мамандығы өзінің мәртебесін жоғалтып отыр, оны өзімізге қайтарып алу керектігінше күмән жоқ. Әрине мемлекет тараапынан қолдау көрсетілу керек. Бірақ ұстаздың идеалды бейнесі және ата - аналар мен оқушылардың педагогика деген көзқарасын тек экономикалық фактор ғана анықтай алмайды ғой. Осыған орай педагогтың өзі не істей алды? Бұл сұраққа жауап іздептін болсақ, онда былай жауап берер едік. Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке өзіндік бейнесіне байланысты.

Жалпы идеалды болудың құрамына төменде көрсетілген элементтерді жатқызуға болады: Қызыметтік қарым - қатынас этикеті (корпоративтік ережелерді ұстану), визуальді белгілер - бойдың, дене бітімің, шаш үлгісінің үйлесімділігі, Өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар, тіл табысу білу қабілеті ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі.

Сонымен, педагогтың идеалды болуы мынандай құрамнан тұрады: Жеке және тұлғалық қасиеттер, Коммуникативтік қасиеттер, Кәсіби іс - әрекеттің және міnez - құлықтың ерекшеліктері, Жаңа қоғам педагогтың идеалды болуына жаңа талаптар қояды, бірақ замандар бойы ұстаздың бойында өзгермейтін мынандай қасиеттер бар. Сонымен қатар өз іс-әрекеттің жақ-сартуға байланысты жасалған қызыметтес адамдардың нұсқауларын ескеруі қажет. Кәсіби іс-әрекетінде нақты жетістіктерге жете білген педагогтардың тәжірибесіне сүйенсек, кәсіби өзін-өзі жетілдіруді өзінің педагогикалық іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшиліктердің себеп-салдарларын те-рең талдаудан бастау қажет екендігіне көзі-міз жетеді.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенесінің  
хатшысы Г.А.Дауылбаева**

Жыл бойы педагогикалық әдеп кенесі тоқсан сайын өткізіліп тұрды. Кенесте түрлі мәселелер, түрлі тақырыптар көтерілді. Көптеген мәселелер шешілді.

**Шешімі:**

- Педагогикалық әдеп кенесінің жылдық жоспары қорытындыланды.

Кенес төрайымы:

А.А.Набиева

Кенес мүшелері:

Р.С.Абидлина

Ж.А.Боктаева

А.М.Алдашев

С.О.Лалименко

Ш.Ш.Сарсенгалиева

Хатшы:

Г.А.Дауылбаева